

ЖАСТАР БОЙЫНДАҒЫ КҮШ-ҚУАТ – ОЛАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ. СОЛ КҮШТІ ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫНА ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. БІЗ ҮШІН ҚАУІПСІЗДІКПЕН ҚОСА ТИІМДІЛІК МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ ТАҚЫРЫП. СОНДЫҚТАН КОМПАНИЯДА «БИЗНЕСТІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАБЫЛДАП, ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІР БӨЛІГІН ТЕМІРЖОЛДАН, ЕКІНШІ БӨЛІГІН НАРЫҚТАН АЛДЫҚ. БІЗГЕ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАЙЫН, ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАР КЕРЕК.

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы



№28 (2743)
19/04/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ТАБЫСҚА БАСТАҒАН ТОҚСАН

Биылғы жылды да табысты тәмамдаудың барлық алғышарты бар дей аламыз. «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісіндегі жүк тасымалы көлемі, яғни алғашқы үш айдың қорытындысы осыған дәлел. Бірінші тоқсанда 64,4 млн тонна жүк тасымалданып, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5% артқан.

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

Республикаішілік тасымалдар 41,4 млн тоннаға ұлғайып, 5% өскен, ал экспорттың 22,9 млн тоннаға өсіп, бытырғыдан 6% артқаны байқалады.

Таратып айтсақ, биылғы қаңтар-наурыз айлары аралығында 29,5 млн тонна тас көмір тасымалданып, оның көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8% жоғары болып отыр. Оның ішінде қазақстандық тұтынушыларға 20,5 млн тонна қатты отын жеткізілген екен, бұл көрсеткіш 2021 жылғы деңгейден 2% көп.

Сондай-ақ 2,6 млн тонна астық тасымалданып, өсім 17% құрады. Химиялық тыңайтқыштар тасымалы 8% (1 млн тоннаға жуық), құрылыс жүктері 4% (2,3 млн тоннаға дейін) өсті. Сонымен қатар 4,3 млн тонна мұнай жүктері, 5,8 млн тонна темір және марганец кені, 5,4 млн тонна түрлі-түсті кен, шамамен 1 млн тонна қара металл тасымалданған.

Тек наурыз айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісінде жүк тасымалдау көлемі 22,4 млн тоннаға құрап, ол өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 6% артық шыққан. Республикаішілік тасымалдар 8% өсіп, 14,4 млн тоннаға дейін ұлғайды. Экспорт өткен жылғы деңгеймен

салыстырғанда 2%-ке, яғни 8 млн тоннаға артқан. Барлығы 9,8 млн тонна көмір тиеліп, оның 6,8 млн тоннасы ел ішіне таратылған. Астық тиеу 25% өсіп, 974 мың тоннаға құрады. Сонымен қатар химиялық тыңайтқыштар тасымалы 18%, құрылыс жүктері 20% дейін өскен. Сондай-ақ, қара металдың 372 мың тоннасы, мұнай жүктерінің 1,5 млн тоннасы, темір және марганец кенінің 2 млн тоннасы және түрлі-түсті кеннің 1,8 млн тоннасы тиеліпті. Демек, алғашқы тоқсан табысты қорытындыланды деп, келер күнге болжам жасауға болады.

*Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК*

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

СӘУІР АЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ЭКСПОРТТАУШЫЛАР
ЛИТВАЛЫҚ ПОРТТАР АРҚЫЛЫ

60 000

ТОННА ЖҮК ТИЕУДІ
ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ НҰР-СҰЛТАН
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША

600

ЖУЫҚ ТЕМІРЖОЛШЫ
СЕНБІЛККЕ ҚАТЫСТЫ.

БИЫЛҒЫ ҮШ АЙДА
ӨСКЕМЕНДІК МАШИНИСТЕР

21

РЕТ ШҰҒЫЛ ТЕЖЕГІШ
ПАЙДАЛАНҒАН.

Мәселе

СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ

Бытырдан бері Қытай аумағында тұрып қалған 1300-ге жуық контейнер Қазақстанға жеткізіліп, әрі қарай бизнесмендердің келісімшарттық міндеттемелеріне сәйкес басқа елдерге бет алады деп хабарлайды ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Қазіргі кезде Қытай 45 контейнерді Ляньюньган портынан шығару жөніндегі жоспарға қосты, тағы 96 контейнер Қазақстан шекарасына жол тартты. «Subaru Kazakhstan» ЖШС контейнерлері Қытай аумағында 5 ай бойы тұрып қалған. Жақын күндері контейнерлердің алды Қазақстанға жетті. Жүктің кешігуі компания үшін қосымша шығын болды.

Ұлттық палата осы тұрып қалған жүктер туралы деректерді 2021-2022 жылдар аралығында салалық ведомстволар мен «Қазақстан темір жолы» компаниясына хабарлаған. «Қазір біз оң динамиканы байқап отырмыз. Ұлттық палата 1342 контейнер туралы деректермен тағы бір тізімді жіберді.

Ол – тұрып қалу мерзімі тым ұзарып кеткен контейнерлер тізімі. Шекарада 1-ден 4-ке дейін контейнері бар шағын және орта бизнес субъектілерінің жүктері 6-7 айдан астам уақыт тұрып қалған. Бүгін, міне, бұл тізім бойынша алға жылжуды көріп отырмыз», – деп атап өтті «Атамекен» ҚР ҰКП төралқа төрағасы Райымбек Баталов.

2022 жылы Үкіметпен бірлесіп, контейнерлерді жөнелтуді жеделдету механизмі әзірленді. Кәсіпкерлер палатасы тұрып қалған контейнерлер туралы деректерді ҚТЖ, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі және Сыртқы істер министрлігіне жіберді. Мемлекеттік органдар Қытай тарапымен қозғалыс жоспарына Қазақстан контейнерлерін енгізу мүмкіндігін нақты пысықтап жатыр.



Лариса КОРШУНОВА,
директор по взаимодействию
с органами государственной власти
АО «ОТЛК ЭРА»:

«ОТЛК ЭРА» НАХОДИТСЯ НА ФИНАЛЬНОЙ СТАДИИ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТА ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ УНИВЕРСАЛЬНОЙ ЭЛЕКТРОННОЙ НАКЛАДНОЙ В МУЛЬТИМОДАЛЬНОМ МЕЖДУНАРОДНОМ СООБЩЕНИИ. В ДЕКАБРЕ 2022 ГОДА ПЛАНИРУЕТСЯ ОРГАНИЗОВАТЬ ОПЫТНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗОВ ПО КОМПЛЕКСНОЙ БЕЗБУМАЖНОЙ ТЕХНОЛОГИИ МЕЖДУ ВСЕМИ УЧАСТНИКАМИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА И КОНТРОЛИРУЮЩИМИ ОРГАНАМИ

СТАНЦИЯМ ПОВЫСИЛИ КЛАССНОСТЬ

Железнодорожная станция Иртышский завод, расположенная в Глубоковском районе Восточного Казахстана, поменяла четвертый класс на второй. Это связано в первую очередь с увеличением погрузочно-выгрузочных работ, повышением уровня грузооборота.

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

Начальник станций Иртышский завод и Путьевой пост 211 Ержан Мурумбаев рассказал, что увеличение объема погрузки и выгрузки началось с 2017 года, что связано с несколькими факторами.

– В тот период инвесторы вложили значительные средства в обогатительную фабрику поселка Усть-Таловка – Артемьевский производственный комплекс АО «Востокцветмет». Такая реконструкция позволила намному увеличить производственные мощ-

ности фабрики, вследствие чего было открыто перерабатывающее руду медного и цинкового концентрата предприятие в Глубочанке – Белоусовская обогатительная фабрика, – объяснил он. – Теперь руду из Глубочанки, где расположен путьевой пост 211, стали возить в Усть-Таловку, чтобы загрузить производственный комплекс на полную мощность.

Помимо этого увеличила погрузку своей продукции на станции Иртышский завод расположенная в поселке Глубокое компания Izoterm, которая занимается производством теплоизоляционных

материалов, минеральной ваты. Также стало больше выгружать угля ГКП «Теплоэнергия» – это Глубоковская ТЭЦ. В селе Предгорное открылся элеватор, за счет чего увеличился транзит зерна через станцию Иртышский завод. Сейчас грузовые вагоны идут со станции Оскемен-1 до станции Иртышский завод, где дислоцируется маневровый тепловоз, далее поезда следуют на станцию Предгорное.

Выгрузка на станциях Иртышский завод и путьевой пост 211 – это в основном удобрения, уголь, доломит, кокс, металлические шары для дробления руды на

фабрике, а погрузка – руда, концентрат драгметаллов, минеральная вата. Через станцию проходит пассажирский поезд сообщением Нур-Сұлтан – Риддер.

На станции Иртышский завод функционируют пять путей, из которых три приемоотправочных и два выставочных, погрузочно-выгрузочных.

Кстати, за счет увеличения грузооборота станция Путьевой пост 211 также поменяла классность – с пятого на третий. На обеих станциях трудятся более тридцати человек. В основном коллективы молодые, средний возраст работников – 42 года.

– У нас 10 дежурных по станции, пять составителей поездов, девять дежурных стрелочных постов, семь приемосдатчиков груза и багажа и два товарных кассира, один из которых – старший, – говорит Ержан Мурумбаев. – Большинство наших работников являются жителями Глубоковского района – поселков Предгорное, Прогресс, Глубокое, есть те, кто приезжает из Оскемена.

ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫН ӨТЕДІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 25 жылдығы және Сала кәсіподағының 30 жылдығы құрметіне компания қызметкерлері арасында онлайн түрде «Теміржол білгірлері» зияткерлер ойыны өткізіледі.

Компанияның әлеуметтік саясат департаменті ұйымдастыратын ойынға Орталық аппаратпен қоса өңірлердегі барлық теміржолшылар қатыса алады. Биыл мамыр айына жоспарланған онлайн жарыс 3 кезеңден тұрады. Оған қатысу үшін 5 адамнан тұратын команда құрып, формаға сәйкес толтырылған өтінімді 28 сәуірге дейін nurgali_dm@railways.kz. электронды поштасына жолдау керек. Бұл ойыннан жеңіп шыққандар «Самұрық-Қазына» АҚ өткізетін «Prime games» интеллектуалды ойынында ҚТЖ намысын қорғайды.

Байқау шарты бойынша жүргізуші экранға сұрақтарды шығарып, оған жауапты командалар арнайы бланкіге толтырып береді де ұйымдастырушыларға WhatsApp арқылы жолдайды. Әрбір кезең нәтижесі бойынша балл жинақталып, экрандағы турнир кестесіне шығарылады. Ойынға қатысу үшін бір командаға ортақ бір ноутбук және жақсы интернет керек. 2 сағатқа созылатын ойын барысында алдымен оларға ойын ережесі түсіндіріледі, бірінші кезең «60 секунд», екінші кезең «Киноассорти», үшінші кезең «Музыкалық фестиваль» деп аталады. Қатысушылардан сұрақтарға жауап беруде шашандық, тапқырлық, толық жауап беру талап етіледі. Бірінші кезеңде қатысушылар бір минут ішінде Қазақстанның және әлем теміржолына қатысты сұрақтарға жауап береді. Екінші кезеңде теміржол туралы кинолардан үзінді көрсетіліп, соның қандай фильм екенін табу керек болады. Үшінші сайыста теміржол туралы әндер соңынан басына қарай ойнатылады, сайыскерлер соны дұрыс табуы қажет.

Ұлан ОРАЗ

НОВЫЙ МАРШРУТ



13 апреля в город Сиань (административный центр провинции Шэньси, Северо-Западный Китай) запущен новый маршрут для грузовых поездов направлением Китай – Европа, который пересекает Каспийское и Черное моря в рамках мультимодальных перевозок железнодорожным и морским транспортом.

Как сообщило агентство Синьхуа, первый поезд по новому маршруту, грузенный спортивным инвентарем, одеждой и постельными принадлежностями, отправился со станции международного порта Сиань.

Он проследует через Казахстан, Азербайджан, Румынию, Венгрию, Словакию, Чехию и доберется до немецкого города Мангейм, преодолев расстояние 11 300 километров.

– Новый маршрут охватывает страны и регионы, через которые раньше проходило мало поездов сообщением Китай – Европа, и открывает новые рынки международной торговли как для китайских, так и для международных предприятий, – сказал генеральный директор компании по строительству и эксплуатации Сианьского порта свободной торговли Юань Сюэцзюнь.

Спикер добавил, что этот маршрут также представляет собой новый вариант по осуществлению транспортировки для китайских и международных торговых и логистических предприятий.

По данным Сианьской компании международной логистики «Жуйань», запуск поездов по этому маршруту повысит эффективность перевозок и позволит предприятиям сократить затраты на транспортировку.

В настоящее время в Сиане в регулярном режиме работает 16 магистральных маршрутов грузовых поездов, курсирующих между городом и странами Европы.

Асель ШАЙХЫНОВА, Нур-Сұлтан

ЖҮК АЙНАЛЫМЫ НЕГЕ КЕМІДІ?

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы жылдың алғашқы тоқсанында жүк айналымы жоспардан төмен болып, негізгі 15 көрсеткіштің тек бесеуі ғана орындалды. Аймақтағы негізгі өндіріс ошақтарының қызметі мұнай өндірісімен байланысты болғандықтан, пойызбен тасымалданатын жүк түрлері де негізінен мұнай өнімдері. Соған сәйкес, кіріс те тасымал көлеміне байланысты.



Бірінші тоқсанға белгіленген пайдаланым жүк айналымының жоспары 2919 млн тмнетто болса, орындалғаны – 2488,3 млн тмнетто, яғни 85,5 пайызды құрады. Ал жоспар бойынша кейбір көрсеткіштердің межеден төмен болуының өз себептері бар. Алдымен, оған жүк тиеудің және тиелген жүк вагондарының кемуі, транзиттік тасымалдың азаюы себеп. Қаңтар қасіреті кезінде, яғни 2-6 қаңтар аралығында елде төтенше жағдайдың жариялануына байланысты, өңірде мұнай өнімдері тиелмеген, ешқандай жүк тасымалы жүргізілмеген. Одан кейін Украинадағы соғысқа байланысты экспорттық мұнай өнімдері жөнелтілмей тағы тұрып қалды. Өндірістік-техникалық бөлім инженері Н.Матаеваның мәліметінше, 1 наурыздан бері Украинаға қандай да бір жүкті жөнелтуге және Солтүстік Кавказ темір жолына пропан-бутан өнімін жіберуге тоқтам қою да тасымал көлемінің кемуі кетуіне әсер еткен. Сондай-ақ, «Теңізшевройл», «Батыс Транс Групп», «Индер Тұз Компания», «Тенгизская Транспортная Компания» ЖШС-мен Мақат, Құлсары, Теңдік, Қарабаған станциялары арқылы экспорттық бағыттағы 356019 тонна болатын пропан, бутан, мазут, кокс, күкірт тиелген 7344 вагон келісілмегендіктен және тапсырыс берушілердің бас тартуы себепті тиелмей қалды. Жүк айналымы үшін айтарлықтай шығын.

Ресей-Украина арасындағы қақтығыс еларалық экономикалық қарым-қатынасқа да ықпалын тигізді. Соның әсерінен, экономиканың негізгі бөлігін құрайтын өңірдегі мұнай өнімдерін өндіру, оны тасымалдау көлемі, құрылыс материалдары мен халық тұтынатын, басқа да тауарлар тасымалы да қалыпты деңгейде тұрақтай алмағанын айта кеткен жөн. Соның ішінде ресурсаушылардан мұнай өнімдеріне деген тапсырыс бұрынғыға қарағанда төмен болғанын көреміз. Оған нарықтағы ауқымды дағдарыс, мұнай бағасының тұрақсыздығы, өнімнің болмауы және сатып алушылардың төлемқабілетсіздігі де себеп.

Өткен жылда жұмыс вагондарының айналымы 93,7%-ды құрады, оның себебі вагон тиеуді игермеу, тиелген вагондарды қабылдаудың кемуі, автобұғаттаудың тоқтауы және жылдамдықты шектеуге ескерту берілуі де вагон айналымына әсер етті. Жергілікті вагондар жоспарының орындалуы – 93,7%. Ол кейбір мекемелер мен станцияларда жүкті уақытында түсіре алмағандықтан кеміді. Оған алдымен жүк қабылдаушылардың өздері кінәлі, яғни кірме жолдардың алыстығы, локомотивтерді күту, түсіру орнының бос болмауы, жүктің қатып қалуы, жұмыс күшінің болмауы, бір уақытта бірнеше пойыздың келуі, т.б. себептер көп.

Қатты желдің екпіні де жылдамдықты шектеуге мәжбүрлейді. Өткен үш айда Атырау-Мақат, Атырау-Қарауылкелді учаскелерінде 60,59 сағатқа 38 технологиялық толаскез беріліп, электр желілері, ВЛ-СЦБ құралдарын жөндеу үшін автобұғаттау, сондай-ақ ДУОМАТ, УНИМАТ, Жейсмар жол машиналарымен жол жұмыстарын жүргізу үшін де 18 сағатқа технологиялық толаскез алынған. Сонымен қатар, жолға малдың шығып кетуіне байланысты локомотивті шұғыл тежеудің 146 фактісі тіркелген. Осының бәрі сайып келгенде темір жолдағы жұмыс ырғағының бұзылуына әсерін тигізбей қоймайды.

Суретті түсірген автор

ШАРДЫҢ ШАРУАСЫ ТҮГЕЛ



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей-Шар

Бүгін, мысалы, станцияға тәулігіне 2894 вагон келген. Мұндай толассыз вагон ағыны осыған дейін станция тарихында тіркелмеген деуге болады. Соның нәтижесінде өткен үш айдағы вагон айналымы 3104 бірлікті құраған. Жазғы маусымда бұл көрсеткіштің тағы да өсуі күтілуде. Тыңнан жасақталатын жүк пойыздарын кестеден кешіктірмеу күн тәртібінде тұр. Таңертеңгілік кезекшілік жүргізу алдындағы нұсқаулықта бұл бағыттағы шаралар міндетті түрде пысықталады. Станция бастығы Бейімбет Бейбітұлы пойыз құрастырушылар үшін тәулік ішіндегі атқарылуы тиіс шараларды бірінші кезекте назарға алады.

Осындай тыңғылықты жұмыстар нәтижесінде өткен тоқсан ішінде 182 пойыз жедел түрде құрастырылып, жолға шығарылған. Өткен жылдың есепті мерзіміндегі көрсеткіш бұдан әлдеқайда төмен болатын. Жалпы, Шар станциясы бойынша вагон іркілісін тұтызу аса маңызды. Станция басында тастанды пойыздардың қалыптаспауына ерекше мән беріледі. Себебі, мұнда транзит ағыны да мол. Әрі үш бағыттан келетін пойыздар түйіседі. Жылжымалы құрамдарды қабылдау, жөнелуді

Бүгінде Шығыстағы Шар станциясы қарбаласқа толы. Алматы, Өскемен, Семей бағдары бойынша үш бағытта қызмет көрсететін 2-ші класты станцияда жұмыс әдеттен тыс қызып тұр. Вагон айналымының артуына жүк тасымалының ұлғайып, тиеу-түсіру жұмыстарының қарқын алуы себеп болып отыр.



БИЙЛ АЛҒАШҚЫ ТОҚСАНДА 182 ЖҮК ПОЙЫЗЫ ЖЕДЕЛ ТҮРДЕ ҚҰРАСТЫРЫЛЫП, ЖОЛҒА ШЫҒАРЫЛҒАН. ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЕСЕПТІ МЕРЗІМІНДЕГІ КӨРСЕТКІШ БҰДАН ӘЛДЕҚАЙДА ТӨМЕН БОЛАТЫН.

іркіліссіз сапалы жүргізу – басты талап.

– Соңғы тоқсанның қорытындысы бойынша ұлттық компания клиенттері тарапынан түсетін тапсырыс санының артуы байқалады. Сондықтан, соңғы уақыттарда ұзын құрамдарды әзірлеуді қолға алып жатырмыз. Ауыр салмақты пойыздарды құрастыруға да мүмкіндігіміз мол, – дейді станция бастығы Бейімбет Бейбітұлы.

Станцияның тұрақты клиенті «Беркут» РМК жанармайға беретін тапсырысты арттыру үстінде екен. Оның сыртында

жүк тасымалы да ай сайын өсіп келеді. Құрылыс материалы мен жанармай және көмірге тапсырыс көбейген. Сондықтан станцияда негізінен жүк түсіруге баса ден қойылууда.

Бұл шаралардан бөлек пандемиядан кейін қайтадан іске қосылған жолаушылар пойыздары да қозғалысқа айрықша ықпал етіп отыр. Мәселен, қайта жанданған қос бағыттағы 351-352 мен 301-302-ші пойыздарды күтіп алу мен шығарып салудың өзіндік тәртібі қайтадан әзірленген. Соңғы үш айдың ішінде 992 жолаушылар пойызы

Шарға аялдаған екен. Ал, өткен жылы олардың көлемі тек 503 қана болған еді. Жалпы, қазіргі таңда жолаушылар ағыны мол Шар станциясы тәулігіне 18 жолаушылар пойызы келеді.

Қазіргі уақытта станция қызметкерлері сәуір айының 25 күні басталатын көктемгі комиссиялық бақылауға дайырлық шараларын күшейткен. Станциядағы өндірістік процестер толықтай сарапталып, құжатталып, тіркеуге алынуда.

Қалай десек те, бүгінгі таңда Шар станциясының шаруасы түгел. Пандемиядан кейінгі бірден қарқын алған жүк тасымалын жүргізу мен реттеуде бөлімшенің бел ортасында орналасқан станцияның маңызы да өте зор. Ал жергілікті теміржолшылар жауапкершілік үдесінен шығу үшін аянбайды.

Суретті түсірген автор

АХУАЛ ТОЛЫҚ БАҚЫЛАУДА



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Алайда биыл қардың аз түсуі, көктемде жауын-шашынның да мөлшерден аспауы себепті Сырдария айтарлық қауіп төндіріп тұрған жоқ. Дегенмен қандай да бір тосын жағдай бола қалғанда қамсыз қалмауды көздеген аймақ басшылары қауіпті учаскелерді, жасанды құрылыстарды тексеріп, су шайып кетуі мүмкін канал, арық-жыраларды, көпірлердің асты-үстін тазартып, сақтық шараларын жасап отыр. Қазіргі уақытта құзырлы органдармен



Қызылорда өңірі үшін көктемде Сырдың тасу қауіпі жоғары. Қайсыбір жылдары арнасынан шыққан дария айналасындағы біраз елді мекенді әбіржіткенін неге ұмытпайық. Сондықтан жыл сайын қар еріп, су көбейген кезде жергілікті теміржолшылар дариямен шектесетін станциялар мен теміржол телімдерін бақылауда ұстайды.

тығыз қарым-қатынас орнатып, ауа райын да бақылауда ұстап отыр. Облыс бойынша су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының Су қорларын қорғау және мемлекеттік бақылау бөлімі басшысы Зейнулла Қазтоғановтың мәліметіне сүйенсек, Шардария су қоймасында қазіргі таңда жиылған 5 млрд 23 млн текше метр судың Сырдария өзенінің бойымен төменге қарай секундына 200 текше метр, Көксарай су торабынан секундына 100 текше метр су босатылып, екі арнаның жиынтығында Қызылорда бағытына секундына 300 текше метр су ағып келуде екен. Дегенмен мұнда көлемдегі дария суынан аймақ теміржолына қауіп-қатер жоқ көрінеді. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің инженері Аралбек Нұрмағанбетов осылай дейді.

Қызылорда су торабынан Сырдария өзені арнасымен төменге қарай секундына 382 текше метр су босатылып жатыр екен. Ол судың 259 текше метрі Айтек су торабына, Қараөзек арнасымен 105 текше метрі ағып өтуде. Қазалы су торабынан секундына 187 текше метр су ағып өтіп, Ақлақ су торабынан секундына 78 текше метр Кіші арал теңізіне құйылууда екен. Қысқасы, ахуал толық бақылауда дейді жергілікті теміржолшылар.

Суретті түсірген автор

КӨКТЕМГІ ЖАНҒЫР ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ



Маңғыстау теміржолында су тасқынынан қауіп жоқ деуге болады. Түбектің географиялық орны мен климаттық ерекшелігіне қарай өңірде қалың қар түсіп, қатты қыс болмайды. Ал теңіз суы жыл сайын тартылып барады...

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Әйтсе де, теміржолды су шаю ықтималдығы бәрібір бар екен. Маңғыстау жол дистанциясының бастығы Бекберген Құрбановтың айтуынша, бұл қауіп көктемгі толассыз жауған жаңбырдан туындауы мүмкін. Маңғыстаудың жер бедері ойлы-қырлы. Сол қырқа-қыраттардың үстіне жауған нөсер жаңбыр жиналып, ойға қарай құділағанда алдынан не шықса да жайпап кететін күші болады екен. Оған тіпті анау-мынау бөгет, көпір-құбырлар да дес бермейтін көрінеді. Қырық жылға жуық тәжірибесі бар теміржолшы бірнеше рет мұндай жағдайдың куәсі болыпты.

– Өзім көзбен көрген бірінші су шаю оқиғасы 1988 жылы болды. 245-шақырымда үлкен көпірді ағып келген жауын суы жұлып кетті. Абырой болғанда, жол-

дан өтіп бара жатқан біреу көріп қалып, теміржолшыларға ескертеді. Дереве пойыздар тоқтатылып, топан судың зардабын жою жұмыстары басталды. Одан кейін 1991 жылы да ауқымды су басудан алты күн пойыз тоқтап қалды. Үш көпір мен 1,5 шақырым жолды су бұзып кеткендіктен Шетпе станциясы мен №15 бекет арасында бір апта пойыз жүрмей қалды. Қалпына келтіруге Маңғыстау теміржолындағы бүкіл техника жұмылдырылып, Құлсары, Бейнеу, Маңғыстаудан теміржолшылар келіп, мұнайшылар көмектесіп, әкімдіктің де күші тартылды.

Осы жағдай 1997 жылы тағы да қайталанып, №10 бекеттің арғы жағындағы көпірді су ағызып кетті. 2008 жылы да толассыз жауған жаңбыр суының салдары үлкен апатқа дейін жеткізді. №14-15 бекет арасындағы 332-шақырымда көпірдің астын су шайып кетіп, үстінен пойыз өткен кезде



жол опырылып түсіп, алты вагон құлады. 2012-2016 жылдары да сол төңіректегі екі құбырды су шайып кетті. 2016 жылғы жағдайда жолаушылар пойызы тұрып қалып, оны кейін қарай әкетуге мәжбүр болдық. Жақында тағы жолға су келді. Бірақ шаймады, жанасып ағып өтіп кетті, – деп әңгімеледі Бекберген аға.

Айтуынша, Маңғыстау жол дистанциясында ойлы-қырлы Сай-Өтеп пен Шетпе, Шетпе мен Маңғыстаудың арасы су шаюға бейім келеді екен. Ал Маңғыстау мен Өзеннің, Өзен мен Болашақтың арасы тегістік болғасын аса қауіп жоқ. Шетпеде биік қыр көп, онда жауған жауын Қарақия

ойпатына дейін ойға қарай ағып келеді. Сол жерлерде теміржолды шайып кету мүмкіндігі жоғары.

Оның алдын алуға бола ма, қандай қарекеттер жасалып жатыр деген сауалымызға:

– Бәрі табиғат құбылысына байланысты. Көпір-құбырлар салынған, талайы кеңейтілген. Жоғарыда аталған су тасқынынан болған апаттардан соң да көп жұмыстар қолға алынды. Бірақ бәрібір табиғатқа сенім жоқ. Бірнеше сағат таудың төбесіне жаңбыр жауса, су тасқын болып ағып, қауіп төндіреді, – деп жауап берді.

Бүгінде дистанцияда тасқын суға

Суретті түсірген автор

ДОРОЖНАЯ КАРТА ДЛЯ ВЕТВЕВЛАДЕЛЬЦЕВ



АКТУАЛЬНО

После длительных консультаций и согласований государственными органами совместно с филиалами КТЖ и ветвевладельцами Западно-Казахстанского региона подписана и внедрена в работу Дорожная карта по предотвращению нарушений безопасности движения на железнодорожном транспорте.

Марьяна ПЕРВУШИНА,
Уральск

По станции Уральск имеется 54 подъездных пути, в том числе 14 задействованы в работе с опасными грузами. Большое совещание всех причастных сторон было инициировано в начале года инспекцией транспортного контроля по ЗКО. Разговор вышел напряженный, местами нелепый.

В частности, главный специалист отдела контроля на транспорте РГУ «ИТК по ЗКО» Руслан Сакалов отметил, что за прошедший год на подъездных путях зарегистрировано 39 случаев нарушения безопасности движения. Допущено 5 случаев сходов вагонов по причине кустовой гнилости шпал, уширения рельсовой колеи более 1550 мм, разрыва стыка, перекоса пути и других нарушений норм содержания подъездных путей. Несмотря на оптимистичность статистики (в 2020 году зарегистрировано 6, в 2019-м – 8 случаев сходов вагонов), это обусловлено снижением активности деятельности

ветвевладельцев и их контрагентов из-за карантина в связи с пандемией.

В процессе производства маневровой работы на подъездных путях ветвевладельцев машинистами маневровых тепловозов и составителями поездов выявляются отступления от норм содержания стрелок и путей, а также нарушения габарита приближения строений. В числе замечаний локомотивных бригад – отсутствие габаритов из-за разросшихся деревьев и кустарников (были случаи повреждения боковых зеркал на маневровых локомотивах), летом – заросли травы выше головки рельсов, зимой – несвоевременная очистка путей и стрелочных переводов от снега, а также отсутствие освещения путей и грузовых фронтов в темное время суток, недостаточное количество и несвоевременная выдача тормозных башмаков для закрепления вагонов, хищение креплений верхнего строения пути, отсутствие указателей направления стрелочных переводов, отсутствие или неясная нумерация на станине стрелочных переводов, отсутствие знаков «Граница подъездных путей» с

наименованием предприятия и так далее.

Начальник станции Уральск Арман Башенов напомнил ветвевладельцам об их ответственности за содержание подъездных путей и технических требованиях, подчеркнув готовность всех причастных железнодорожных предприятий к сотрудничеству, оказанию консультативной и иной помощи, отметив, что негоже прикрываться Предпринимательским кодексом в ущерб безопасности движения и качества содержания подъездных путей.

После бурного обсуждения и взаимных претензий было решено разработать Дорожную карту, направленную на предотвращение нарушений безопасности движения, а также своевременное оповещение на железнодорожном транспорте. В марте документ, регламентирующий в том числе и проверки хозяйствующих субъектов, осуществляющих свою деятельность на железнодорожном транспорте, в части обеспечения безопасности движения поездов и маневровых работ, был утвержден РГУ «Инспекция транспортного контроля по ЗКО» и вступил в действие.

И СНОВА О ПЕРЕЕЗДАХ



БЕЗОПАСНОСТЬ

В Алматинской дистанции пути насчитывается 50 железнодорожных переездов, из которых 32 охраняемых при наличии дежурного. И, как показывает статистика, во всех ДТП виновными оказывались автомобилисты, пытавшиеся проскочить переезд перед приближающимся поездом.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Локомотивные бригады, дежурные на охраняемых переездах предпринимают все возможное, чтобы предотвратить наезд, но иногда избежать ДТП не удается. – Водители-лихачи зачастую не вспоминают о правилах дорожного движения и не задумываются о последствиях, едут, не снижая скорости, включив громко музыку, – делится дежурный по переезду № 4028 участка Аксенгир – Шамалган Рашид Рыспеков.

Именно на этом опасном участке нерадивые водители и совершают свои «полеты», не обращая внимания на сигналы и указания дежурного по переезду. Пытаясь выиграть несколько секунд своего времени, они ставят под угрозу не только свою жизнь, но и пассажиров.

Железнодорожный переезд на станции Медеу находится под особым наблюде-

нием. Он оборудован предупредительными знаками, светофором, звуковыми сигналами и видеонаблюдением. Ни на секунду здесь не останавливается движение, сплошным потоком идут автотранспортные средства. С открытием проезда с проспекта Суюнбая в сторону Илийского тракта и движения в левую сторону начались интенсивное скопление машин и огромные заторы. Дежурный по переезду Назигуль Мулькебаева находится в постоянном напряжении, потому что автоводители порой игнорируют правила, летят на скорости.

Нарушения происходят и на переезде участка Жетысу – Байсерке, где буквально в двух шагах находится индустриально-логистический центр «Даму», а на станции Шамалган, где возведен пешеходный мост через железнодорожные пути, нерадивые жители пренебрегают всеми правилами предосторожности и пересекают пути, не поднимаясь на мост. В целях обеспечения безопасности местных жителей

ведется строительство путепровода.

– По всем нарушениям дежурные по переездам должны своевременно передавать информацию в технический отдел дистанции пути, в свою очередь инженерно-технические работники оформляют соответствующую информацию в ГИБДД. Водители, нарушившие правила проезда через железнодорожные переезды, привлекаются к ответственности, – говорит начальник производственного отдела Алматинской дистанции пути Нуржан Анарбеков.

Причем каждый случай наезда становится темой тщательного разбора на планерных совещаниях, технических занятиях и встречах с жителями, проживающими вблизи железнодорожного полотна. Специалисты проверяют состояние переездов и прилегающей к ним территории, работу световой и звуковой сигнализации, наличие и исправность устройств защиты переездов, шлагбаумов.

Фото автора



НА ПУТИ К ЛЕТУ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан



ОСМОТР

18 апреля в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» стартовал весенний комиссионный осмотр. Комиссия проверит готовность хозяйств, технических средств, устройств, зданий и соблюдение норм безопасности и охраны труда на рабочих местах.

В ходе осмотра комиссия в составе руководства Акмолинского отделения ГП и Акмолинского отделения магистральной сети, причастных специалистов проведут осмотр хозяйств, расположенных в границах Акмолинского отделения. В целом будет охвачено и проверено 2 760,8 километра железнодорожных путей, 118 переездов, 429 мостов, 401 водопропускная труба.

Особое внимание будет обращено на соблюдение требований безопасности движения поездов, охраны труда, обеспечение работников спецодеждой и спецобувью, текущее состояние инфраструктуры, производственно-технических объектов, вокзалов, а также на создание надлежащих условий на рабочих местах.

За хорошую подготовку и работу комиссией отметят отдельных руководителей предприятий, а также работников среднего звена.

– Весенний комиссионный осмотр – одна из системных мер, направленных на обеспечение безопасности движения поездов и выявление проблемных вопросов, требующих оперативного решения и определения кратчайших сроков по их устранению, – сказал директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Әділхан Дәкенев.

На селекторном совещании будут подведены итоги осмотра с разработкой организационно-технических мероприятий по оперативному устранению выявленных недостатков и отступлений.

Фото автора

ИЗ ГОДА В ГОД ПОМЕХА – СКОТ

Любовь РОВБА,
Нур-Султан



ПРОФИЛАКТИКА

По Астанинской дистанции пути с начала года машинистами допущено шесть экстренных торможений по причине выхода на пути домашнего скота и диких животных. Пять из них – с наездом.

Несмотря на принимаемые АО «НК «Қазақстан темір жолы» меры по предотвращению наездов на скот и несчастных случаев с посторонними людьми на путях, их количество не уменьшается.

В прошлом году локомотивными бригадами допущено 35 экстренных торможений. В 11 случаях на пути выскочило дикое животное, преимущественно косули, в остальных – оставленный без присмотра домашний скот. С помощью сотрудников линейного отдела полиции найдены и привлечены к административной ответственности 11 незначительных хозяев скота, 13 установить не удалось, и они избежали наказания.

– Скот, оставленный без присмотра, может выйти на железнодорожный путь и попасть под поезд, что создает серьезную угрозу жизни пассажиров, безопасности движения поездов, их задержку, чревато повреждением подвижного состава, – отмечает начальник производственного отдела Астанинской дистанции пути Алишер Сыздық. – Материал по случаю нахождения на железнодорожном пути или попадания под подвижной состав домашних животных направляется в следственные органы, и владелец скота привлекается к ответственности.

Так, 25 февраля в результате наезда поезда №1782 на табун лошадей в локомотиве КЗ8А произошел излом питательной магистрали, погнулись тормозная магистраль и лестницы. Из-за происшествия было задержано несколько поездов.

В Астанинской дистанции пути напомнили о важности соблюдения правил выпаса скота вблизи железнодорожного полотна. К примеру, выпас скота на неогороженных пастбищах ближе, чем за 300 метров разрешается только на привязи, а на расстоянии до 2 000 метров – под постоянным присмотром.

Прогон через пути разрешен только на переездах, путепроводах и в специально установленных местах. При этом в темное время суток, при туманах, ливнях и метелях даже в этих местах он запрещен.

В рамках профилактической работы сотрудники Астанинской дистанции пути проводят подворовой обход и беседы с владельцами домашнего скота, раздают памятки. Однако многое зависит от сознательности самих граждан.

Итоги

БЕСПЕРЕБОЙНАЯ РАБОТА НА УЗЛЕ



На узловом совещании руководство Карагандинского отделения ГП подвело итоги безопасности движения поездов и охраны труда на станции Балхаш за первый квартал 2022 года.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Как известно, в городе Балхаш – две железнодорожные станции – Балхаш-1 (старый Балхаш), построенный во

второй половине 1950-х годов, и Балхаш-2 (основной вокзал), появившийся через 17 лет. Его отличительной чертой является достаточно высокая платформа.

Обе станции – пассажирские. Со станции Балхаш-2 поезда курсируют до Нур-Сул-

тана, Караганды, Жезказгана, Семей и других станций. Практически все они делают остановку и на вокзале Балхаш-1. Таким образом, в сутки через обе станции проходит более 20 поездов дальнего следования.

Город Балхаш расположен на северном побережье уникального одноименного озера, у бухты Бертыс, и считается одним из важнейших центров цветной металлургии в Казахстане. 10 лет назад здесь открылась медная компания «Корурад», которая является отечественным производителем медной продукции. Погрузка золотисто-розового пластичного металла составляет около 15-30 вагонов в месяц.

– В настоящее время на станции ведутся работы по обеспечению безопасности движения поездов, маневровой работы, а также сохранности подвижного состава и груза. Деятельности коллектива дана положительная оценка, – рассказал директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марлен Кокрекбаев.

В ходе совещания за добросовестное отношение к работе грамотами и благодарственными письмами награждены работники Балхашского узла. Также были поставлены конкретные цели и задачи на летний период, чтобы работа велась также плодотворно и бесперебойно.


Фото автора

Теміржолшының бір күні

Газетіміздің жаңа айдары темір жол саласындағы әрбір мамандық иесінің жұмысымен жіті таныстырып, қызығы және қиындығымен қатар оның жауапкершілігін де ашуды мақсат етеді.

БИЛЕТ КАССИРІ БОЛУ ОҢАЙ МА?

Барлық салада адами факторды онлайн қызметтер басқан дәуірде пойызға билетті де негізінен сайттар арқылы сатып алатын болдық. Ал бұл ретте билет кассиріне деген қажеттілік қандай деңгейде? Нұрлы жол вокзалындағы тәжірибелі билет кассирлерінің бірі – Гүлмира Салықова арқылы теміржолдағы осы саланың бір күндік жұмысымен таныстық.



Гүлмира «Нұрлы жол» вокзалындағы билет кассасында 10 жылдан бері еңбек етеді. Мұнда 17 кассир және 2 аға кассир бар. Олар күндізгі ауысымда 5, түнде 2 кассада жұмыс істейді. Бүгін ол күндізгі ауысымға түскендіктен таңертеңгі сағат 8-ден өте вокзалға жетті. Жұмыс киімін киіп, түнгі ауысымдағы әріптесінің есебін тексеріп, қабылдап алды. Тура 9.00-де вокзалдың 4-қабатындағы билет кассаларының біріне жайғасты.

– Кассаға күніне орташа есеппен 70-80 адам келсе, мереке күндері 100 адамнан асады. Олардың жартысы билет алуға, жартысы билетін қайтаруға келеді. Әрине, мұның бәрін онлайн жасауға да болады. Бірақ интернетті дұрыс қолдана білмейтін қарт адамдар немесе билет қайтаруда қиындар туындағандар кассаға келеді. Себебі әдетте пойыздың жүруіне бір тәуліктен аз уақыт қалғанда онлайн қызмет арқылы билет қайтарылмайды. Одан бөлек мүгедектер де жеңілдікпен билет алуға келеді, оларға 50 пайыз жеңілдік бар, сонымен қатар жақында шыққан «Жастар» жобасы арқылы 16-25 жас аралығындағы жастар да

25 пайыз жеңілдікпен билет алады. Жалпы көпшілік болғасын түрлі мінездегі адамдар бар, солардың бәрінің тілін тауып, қызмет көрсету үшін біздің жұмыста адамға ерекше шыдамдылық пен төзім және адамдардың жеке бас деректерін толтыруда сауаттылық пен мұқияттылық керек, – дейді билет кассирі.

Арасында жұмыс орнындағы арнайы бөлмеде түскі асын ішіп алған билет кассирі осылай кешкі 21.00-ге дейін 12 сағат тапжылмай халыққа қызмет көрсетеді. Екі жұмыс күнінен соң екі күн демалысы бар, әрі қарай түнгі ауысымды алмастырады. Жалпы жұмыс ауыр деуге келмес, себебі бұрынғы АСУ Экспресс жүйесінен бөлек қазір әлдеқайда желілдірілген бағдарламамен жұмыс істейді. Түбіртек билеттерін жолаушы жоғалтып алғанның өзінде оның деректері базаға енгізілгендіктен, билетін қағазға шығармай-ақ вагонға емін-еркін жайғаса береді. Билет сату жүйесінде өзгерістер болғандықтан кассирлер үзілістен соң жұмысқа шыққанда 1 айдай жаңа бағдарламаға сая оқытылады. Екі баласы бар Гүлмира да деректі демалыстан шыққанда арнайы оқыпты. Кейіпкеріміз

– теміржолшылар әулетінен шыққан және тасымалды ұйымдастыру бойынша жоғары білім алған маман. Сондықтан ол билет кассирінен басқа да жұмыстарда өзін сынап көруге дайын. Билет кассирінің жұмысына куә болып отырып, кассаның алды босай қоймағанын көріп, бұл бағыттағы жұмыс толық электрондық қызметке көшпей, әлі де біразаға дейін нақты адамдармен жалғаса беретініне көз жеткіздік.

– Мереке кезінде билет тапшылығы жиі болады. Сол кезде «Күту парағы» көмекке келеді. Бұл қызметті де өз бетіне пайдалана алмайтындар көп. Осы жағынан халыққа көмегіміз қатты тиіп жатады, – дейді Гүлмира. Мұндағы билет кассирлерінің алды – зейнеткерлік жасқа жетіп жатса, кішілері кеше ғана отбасын құрып жатқан жас келіншектер екен. Гүлмираның арманы – жолаушыларға жайлы Талғо сыйды жүрек пойыздар көбейсе дейді. Ал оның билеті ертерек алса тіпті де қымбат емес, арзан, кәдімгі жай пойыздың бағасынан аспайды деп түсіндірді.

Райхан Рахметова
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Опрос

ВНИМАНИЕ – ЖЕНЩИНАМ ОТРАСЛИ



В рамках Глобальной недели действий железнодорожников АО «Казпрофтранс» и Международная федерация транспортных рабочих (МФТ) МФТ запустили онлайн-опрос, специальным объектом которого являются женщины стальной магистральной. Анкетирование является анонимным и продлится до 31 мая.

АО «Казпрофтранс» стало членом Международной федерации транспортных рабочих (International Transport Workers' Federation, ITF) в 2016 году. Эта организация с более чем вековой историей является одной из глобальных профсоюзных федераций, входящих в Международную конфедерацию профсоюзов. Сегодня МФТ объединяет более 700 профсоюзов из разных стран мира. Она призвана защищать фундаментальные права работников транспорта на мировом уровне и обеспечивать прогресс независимого профсоюзного движения.

– В МФТ осознают, какую важную роль играют женщины в железнодорожной отрасли. Мы знаем, что они заслуживают те же права на рабочих местах, что и мужчины, но, к сожалению, иногда это не соответствует реальности, – отметил сотрудник МФТ по вопросам женщин-транспортников и гендерного равенства Джоди Эванс. – Целью опроса является определить, где, на каких ролях и

по каким контрактам работают женщины-железнодорожницы, с какими проблемами и барьерами они встречаются на рабочих местах и каких перемен к лучшему ожидают.

В онлайн-опросе, который стартовал 31 марта и продлится до 31 мая, могут принять участие сотрудницы всех подразделений АО «НК «ҚТЖ». Анкетирование займет не более 15 минут, и ответы останутся анонимными.

– Чтобы придать огласку повседневным вызовам, с которыми сталкиваются сотрудницы отрасли, важно получить большое количество ответов из всех регионов, – подчеркивает Джоди Эванс. – Осенью 2022 года пройдет онлайн-мероприятие для женщин-железнодорожниц, где мы сообщим о результатах и разработаем план действий по гендерному равенству на железнодорожном транспорте.

Анкета доступна на 13 языках, включая русский, по ссылке itfglobal.org/womenrailsurvey.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

Спорт

Атыраулықтар спорт ардагері, футболдан ұлттық санаттағы төреші Камали Иманғазиевті ұмытпайды. 15 сәуір күні өңір теміржолшылары арасында шағын футболдан өткен турнир спортшы-төрешіні еске алуға арналды.



ТӨРЕШІ ҚҰРМЕТІНЕ ТУРНИР

Иманғазиев Камали Қалиұлы 1930 жылы 15 сәуірде Гурьев қаласында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын 1944 жылы 14 жасында жол құрылысы және жөндеу мекемесінде бастаған. 1950 жылы әскер қатарына шақырылып, әскери борышын өтейді. Бала кезінен спортқұмар бол өскен ол 1954 жылы «Спартак» қоғамына, ал 1959 жылы Қазақ темір жолының Гурьев бөлімшесінде спорт әдіскері болып жұмысқа орналасады. Ол кезде темір жолда спортқа ерекше көңіл бөлінетін болған. Қай мекемеде де жұмысшылар арасында

түрлі спорттық жарыстар тұрақты өткізілетін. «Локомотив» спорт клубын басқарған Иманғазиев сол жарыстарды ұйымдастырып, өткізу жұмыстарының бел ортасында жүрді. 1967 жылы ол футболдан республикалық дәрежедегі төреші атағын иеленеді. 1977 жылы Батыс Қазақстан темір жолы Гурьев бөлімшесінде спорт бөлімінің басшысы болды. Сол жылдары өңір теміржолшының спорт саласын дамытуға, теміржолшылардан мықты спортшылар дайындап шығаруға үлкен еңбек сіңірді. Соның ішінде

бөлімше теміржолшылары футболдан зор жетістіктерге жетіп жүрді.

Турнирге жеті команда қатысты. Қазылар алқасының шешімімен бірінші орынды Атырау локомотив Куанышев, отиветив важность популяризации спорта и здорового образа жизни среди работников компании.

За место в финале предстояло сразиться трем командам железнодорожников из разных структурных подразделений компании. Напомним, состав сборных определялся с помощью жеребьевки – по 10 человек в каждой.

К слову, к мероприятию участники этого этапа подошли особенно ответственно – каждая из команд предстала в единой форме, показав свою сплочен-

ЛОВКОСТЬ, СКОРОСТЬ И ВЕСЕЛЬЕ

В минувшие выходные в столице подвели итоги второго этапа «Юбилейных стартов», посвященных 25-летию АО «НК «ҚТЖ» и 30-летию отраслевого профсоюза. В этот раз за путевку в финал поборолось сборные филиалов компании.



постью, заранее продумала девиз и название. Веселье эстафеты, как и предполагалось, сопровождалось положительными эмоциями и весельем: железнодорожники на скорость преодолели незамысловатые препятствия с мячами, клюшками, обручами и дочечками.

Самыми быстрыми и ловкими по итогам эстафет стали участники из команды «Максимум». Оправдывая свое название, он набрали максимальное количество очков на этом этапе (81) и пробились в финал, который состоится 30 апреля. Буквально в шаге от них остановилась команда «Женис» – 80,5, на третьем месте сборная «Форсаж» – 63,5 очка.

Примечательно, что наравне с

молодыми работниками отличную физическую подготовку и волю к победе продемонстрировали опытные железнодорожники. Так, сотрудницы Многофункционального центра обслуживания АО «НК «ҚТЖ» Айжан Калиева, Меруерт Сейтенова, а также вокзального комплекса «Нұрлы жол» – Копей Кожакоева и Айгүль Ускибаева благодаря своей энергии и задору стали настоящими звездами состязаний.

Всех участников отметили вкусными полезными призами – большими фруктовыми корзинами. Уже в эти выходные за последнюю путевку в финал поборются сборные дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ».

Любовь РОВБА
Фото Александра ЖАБЧУКА

БАЙЛАНЫСШЫЛАР БАҒЫ ЖАНДЫ

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігінің 30 жылдығына орай теміржолшылар арасында жүгіруден эстафета және шағын футболдан жарыс өтті.



Бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды онысы да бірінші орынға қоятын теміржолшылар сала кәсіподағының мерейтойына арналған іс-шараға барын салды. Белсеніп шыққан алты команданың осалы жоқ. Кәсіподақтың демеушілігімен барлық команда арнайы спорттық киіммен қамтамасыз етілді. Сайыс ережесі таныстырылған соң ойын басталды.

«Шағын футболда команда құрамында 8 адамнан, екі таймда 10 минут үзіліссіз ойнап шығатыны ескерілді. Сондай-ақ жаңу жарыс эстафетасында да ұпай тең болған жағдайда барлық ойындарда ең көп жеңіске жеткен команданың артықшылыққа

ие болатыны алдын ала құлаққағыс етілді. Жарысқа қатысушылар дайындығы жоғары екеніне алғашқы айналымда-ақ көз жеткіздік, екі жарыста қызықты әрі тартысты өтті», – деп атап өтті ұйымдастырушы, аймақтық спорт бойынша нұсқаушысы Елена Маньшина.

Қай команда болсын жаман өнер көрсеткен жоқ. Десе де, бұл жолы байланысшылар бағы жанды, Шымкент белгі беру-байланыс дистанциясы – ШЧ-38 жарыстың екі

түрінен де бәйгеңің алдын бермеді. Сол сияқты оларды өкшелей қуып стаңциялықтар да қалыспады. Ойын қорытындысы бойынша эстафеталық жарыста 1-орынға ШЧ-38, 2-орынға ДС, 3-орынға ВЧД ие болды. Ал шағын футболдан бірінші орынды тағы да ШЧ-38, екінші орынды ДС, үшінші орынды ТЧЭ-32 иеленді.

Жеңімпаз командалар кәсіподақ тарапынан арнайы марапатталды. Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент
Суретті түсірген автор

ВЫБРАТЬ ЛУЧШИХ

Согласно календарному плану на год, представители ФСК «Локомотив» провели соревнования по баскетболу.

Три команды – станции Оскемен-1, Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22), Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37) играли по круговой системе, друг с другом.

В первой игре между собой сражались спортсмены со станции ПЧ-37. Здесь со счетом 28:16 победила команда станции Оскемен-1.

Во второй игре соревновались ТЧЭ-22 и станция Оскемен-1. В третьей – локомотивщики и путейцы.

– Помимо определения команд-победителей, мы должны выбрать лучших спортсменов для участия в чемпионате АО «НК «ҚТЖ» по баскетболу, который будет проходить в Костане в конце мая, – рассказали инструктор по спорту



ФСК «Локомотив» Олег Кушкунов.

По итогам соревнований первое место заняли баскетболисты станции Оскемен-1. На втором спортсмены Оскеменской дистанции пути, Оскеменское эксплуатационное локомотивное депо – на третьем месте. Победителей наградили дипломами и ценными призами.

Ольга УШАКОВА, Оскемен
Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубай 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.